

**8D014 «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты бойынша
(6D012000-«Кәсіптік оқыту»мамандығы) философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Исакова Гульнур Оралбаевнаның «Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасында Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарына, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына және Қазақстан Республикасы «Қазақстан - 2050» Стратегиясының ұзақ мерзімді басымдығына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік кешені үшін кадрлар даярлаудың ортақ міндеттері контекстінде қызметін жүзеге асыратын мамандарды жеделдете (озық мағынада) даярлау ғылыми-зерттеу орталығының жұмыс бағдарламасы аясында орындалған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның	Диссертанттың диссертациялық жұмысы мазмұнынан ғылыми-

		маңыздылығы ашылған.	<p>маңыздылығы және елеулі үлес қосқандығы ЖОО білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудағы өзекті мәселелерді қарастыруымен айқындалады. Оның айғағы, жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыруға практикалық көмек ретінде ғылыми-әдістемелік еңбектер (қазақ, орыс тілдерінде оқу құралдары) әзірленген және олар оқу үдерісіне енгізілген: 1. Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру (ISBN 978-601-257-109-7). 2. Формирование профессиональной компетентности будущих специалистов: системный подход (2019 ж. орыс тілінде). 3. Беларусь Республикасы, Гродно қ., Янка Купала атындағы Гродно мемлекеттік университетінде «Формирование системного мышления и творческих способностей обучающихся: теоретический аспект (ISBN 978-985-582-274-6)» монографиясы жарық көрген.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары;	<p>Докторант Г.О. Исакова диссертациялық жұмысты жазуда өзі жазу принципін ұстанған. Зерттеу жұмысында ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жасалынғанып, өзіндік интерпретация берілген. Зерттеу жұмысының өнімі ретінде оқу құралдары (қазақ/орыс тілдерінде) мен электрондық оқулықтар әзірленіп, авторлық куәліктер алынған. Отандық және шетелдік кеңесшілерімен авторлық бірлестікте Беларусь Республикасы, Гродно қаласы, Янка Купала атындағы Гродно мемлекеттік университеті, педагогикалық</p>

			факультет Кеңесі ұсынысымен «Формирование системного мышления и творческих способностей обучающихся: теоретический аспект» (ISBN 978-985-582-274-6) атты монографиясы жарық көрген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген;	Диссертация өзектілігінің негіздемесі қазіргі жоғары оқу орны білім алушыларының болашақ маман ретінде қызметінің сапасын көтеруде кәсіби білім, іскерлік және дағдылар жүйесін жетілдіруге қоғамдық сұраныстың өсуі мен білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерінің жеткілікті деңгейде зерттелмеуі арасында; білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыруға жоғары талаптардың қойылуы мен оларды жүзеге асырудың педагогикалық шарттарының нақтыланбауы; білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың объективті қажеттілігі мен бұл үдерісті ұйымдастыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандырудың жеткіліксіздігі арасында қарама-қайшылықтарды шешуге, зерттеуді ғылым-теориялық тұрғыдан анықтауға, білім алушылардың болашақ маман ретінде кәсіби іс-әрекетінің бағдарлық негізінің мәнін айқындауға, соған сәйкес жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін, әдістемесін жасау мәселесіне негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация

		<p>1) айқындайды;</p>	<p>мазмұны кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Аталмыш диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді;</p>		<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың ғылыми-теориялық және әдістемелік негіздерін анықтауды, құрылымдық-мазмұндық моделін және әдістемесін дайындауды, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруді, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беруді орындаумен сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеу міндеттері зерттеудің мақсатын нақтылай келе, жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың ғылыми-теориялық тұрғыда зерделену дәрежесін анықтаумен; жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру аумағында жүзеге асыратын және болашақтағы іс-әрекетінің бағдарлық негізі мәнін айқындаумен; жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасаумен; ЖОО білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыруды жүзеге асыру әдістерін анықтаумен; ЖОО</p>

			білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру әдістемесін әзірлеумен және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру, ұсыныстар жасаумен сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан;	Диссертациялық жұмыстың екі бөлімі мен құрылысы, яғни жалпы құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-теориялық және тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар;	Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін анықтауда, негізгі түсініктерді нақтылауда, құрылымдық-мазмұндық моделін дайындауда, әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдау бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылама? 1) толығымен жаңа;	Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық принципіне негізделген, ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында келесі нәтижелерге қол жеткізілген: 1. Жоғары оқу орны білім

			<p>алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың ғылыми-теориялық тұрғыда зерделену дәрежесі анықталып, білім алушының кәсіби құзыреттілігі анықтамасы берілген.</p> <p>2. Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру аумағында жүзеге асыратын (оқу үдерісі) және болашақтағы (кәсіби) іс-әрекетінің бағдарлық негізінің мәні және құрылымы.</p> <p>3.ЖОО білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың бес негізгі компоненттері: талаптар (нарық, экономика, заңнама және т.б. стандарттар); мақсат; «кіру-үдеріс-шығу» санаттарындағы білім беру үдерісі; мақсатты бағдарламалар; болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігінің негізін құрайтын, білім алушылардың мақсатты бағдарламаларына сәйкес келетін құзыреттерден тұратын тұжырымдамалық моделі.</p> <p>4. Білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін, жүйелілік мағлұматтарын, жүйелілік ойлау және жүйелілік тұғыр біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағдарланған жүйелілік тұғыр әдістері.</p> <p>5. Тәжірибелік-эксперимент жұмысын нақты жағдаятты жүйелілік зерделеу әдісімен жүзеге асыру мазмұны және нәтижелері.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа;</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Докторант жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың</p>

			ғылыми-теориялық негіздерін зерделеуі ғылыми педагогикалық-психологиялық еңбектерге сараптау, талдау жасау арқылы негіздеумен, жеке ойын теориялық тұжырымдай білуімен және қорытынды жасауымен сипатталады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа;	Докторанттың ұсынған жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың ғылыми-теориялық, тәжірбелік негізі жаңа және негізделген болып табылады. Диссертация жұмысы барысындағы алынған тұжырымдар, жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыруға практикалық көмек ретінде ғылыми-әдістемелік еңбектер әзірленген және оқу үдерісіне енгізілген. Тәжірбелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жариалынымдармен негізделеді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген (білім беру бағыттары бойынша)	Зерттеу жұмысының барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Өйткені, зерттеу жұмысының теориялық тұжырымдамалары және практикалық нәтижелері 18 ғылыми еңбекте жарық көрген: <i>scopus</i> халықаралық деректер базасына кіретін журналдарда – (19% – Q4, 73 % – Q3 және 74% – Q2) – 3 мақала; ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету бақылау комитеті ұсынған басылымдарда – 3 мақала; халықаралық ғылыми-әдістемелік журналдарда – 2 мақала; халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында – 3 мақала; Республикалық деңгейдегі

			конференциялар материалдары және ғылыми-әдістемелік мақалалар жинағында – 2 мақала; 2 оқу-құралы (қазақ және орыс тілінде); 1 монография; 2 электрондық оқулық авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы авторлық күәлікке ие.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p>	<p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар:</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар дәлелденген.</p> <p>7.2. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5. Зерттеу жұмысының негізгі қағидаттары ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, халықаралық және республикалық конференцияларда, ғылыми-әдістемелік жинақтар мен журналдарда жарияланған мақалалармен, оқу құралдарында, монографияда дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p>	<p>Докторант Г.О. Исакованың диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық ақпарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттық дәйектілігіне негізделген. Зерттеу жұмысында «құзырет», «құзыреттілік» және «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарына қатысты философиялық, экономикалық, психологиялық, педагогикалық зерттеулер, құзыреттілік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, мақсатты-бағдарламалық тұғыр, жүйелілік тұғыр негізіндегі ғылыми-теориялық, әдіснамалық</p>

		<p>еңбектер, әдістемелік технологиялар басшылыққа алуымен негізделген.</p> <p>Докторант диссертациялық жұмыстың әдістемелік және әдіснамалық негіздерін түзуде теория мен практиканың бірлігі, мәдениетке сәйкестік, мазмұндық және әрекеттік, тұтастық және ғылымилық, қолжетімділік және демонстрациялау ұстанымдарын басшылыққа алады.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия;</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу, өзіндік интерпретациялау әдістемелерін пайдаланумен алынған, компьютерлік технологиялардың көмегімен түрлі сызбалар, кестелер, диаграмма, тапсырмалар құрастырылған; тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар математикалық-статистикалық әдістермен өңделген.</p>
	<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия;</p>	<p>ЖОО білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыруға қатысты психологиялық-педагогикалық еңбектер, ҚР БЖҒМ ресми құжаттары, алыс-жақын шетелдік ғалымдардың жетістіктері, докторанттың зерттеушілік тәжірибесі бойынша маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы әдебиеттерге сілтемелер жасалынуымен расталған.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер</p>

		әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті	тізімі әдеби шолуға жеткілікті қарастырылған. Зерттеу тақырыбы бойынша шетел, алыс жақын және отандық ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жүргізілген. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі – 185.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия;	<p>Диссертацияның практикалық құндылық принципіне келетін болсақ, теориялық тұрғыда маңызды. Оның дәлелі: – жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері анықталып, талдау жасалынған;</p> <p>– жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың құрылымы анықталған;</p> <p>– болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру аумағында білім алушылардың жүзеге асыратын және болашақтағы іс-әрекетінің бағдарлық негізінің мәні, теориялық маңыздылығы өзектендірілген;</p> <p>– «құзырет», «құзыреттілік» және «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарына қатысты философиялық, экономикалық, психологиялық, педагогикалық зерттеулер, құзыреттілік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, мақсатты-бағдарламалық тұғыр, жүйелілік тұғыр негізіндегі ғылыми-теориялық, әдіснамалық еңбектерге негізделіп, жүйелілік тұғыр негізінде «білім алушылардың кәсіби құзыреттілігі» ұғымына анықтама берілген.</p>
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада	Диссертацияның практикалық маңыздылығы: диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері және әзірленген жүйелілік тұғырдың

		<p>қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия;</p>	<p>әдістері кәсіптік білім беруде қолдануға болады; теориялық және әдістемелік нұсқауларды білім алушылардың жүйелілік ойлау және жүйелілік тұғыр іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру барысында пайдалануға болады; зерттеу жұмысы мен эксперимент нәтижелері жоғары оқу орны оқу үдерісінде жүйелілік тұғырды жүзеге асыру бойынша жүргізілген басқа да зерттеулерді салыстырмалы талдауда пайдалануға болады.</p> <p>Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыруға практикалық көмек ретінде ғылыми-әдістемелік, электрондық оқулықтар жасалынып оқу үдерісіне енгізілді.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа;</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>1) Білім алушылардың кәсіби құзыреттілігінің нақты және үнемі жаңартылатын моделі әрбір мамандық үшін кәсіптік білім берудің белгілі бір бағдары болып табылады, сондықтан кәсіби құзыреттілігінің базалық құрамдас бөлігі ретінде білім алушылардың болашақтағы кәсіби іс-әрекетінің бағдарлық негізі ұғымын енгізу және қалыптастыруды негізге алған жөн;</p> <p>2) Білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру моделін бағалау және дамыту бойынша ғылыми зерттеулерді жалғастыру қажет;</p> <p>3) Кәсіптік білім беру үдерісінің сапасы мен тиімділігін арттыруға және болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруына ықпал ететін жүйелілік тұғырды мақсатты және белсенді түрде жүзеге асыру қажет.</p>

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және объективті түрде жазылған, ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемерді жиі қолдана білген. Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен қоса, жауапкершілік ұстанымын басшылыққа алған. Диссертация құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.</p> <p>Исакова Гульнур Оралбаевна 8D014 «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты (6D012000 - «Кәсіптік оқыту» мамандығы) бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп білемін.</p>
-----	---------------------------	--	--

Ресми рецензент, педагогика ғылымдарының докторы,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
Білім технологиялары кафедрасының
профессоры



Б.Т. Ортаев
РАСТАЙМЫН:
Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Кадр бөлімінің
бастығы